

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫ
ҚР БҒМ ҒК А.Х. МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ

АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ, АРХИВОВ И ДОКУМЕНТАЦИИ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
ИНСТИТУТ АРХЕОЛОГИИ им. А.Х. МАРГУЛАНА КН МОН РК
АКТЮБИНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧЕСКИЙ МУЗЕЙ

«ҚАДЫРБАЕВ ОҚУЛАРЫ - 2020»

**VI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

(2020 жылғы 27-28 қараша)

МАТЕРИАЛЫ

**VI МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ**

«КАДЫРБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ – 2020»

(27-28 ноября 2020 года)

ҚАЗЫНАЛЫ ҚЫШҚАЛА

Г. И. Оразалиева

Қызылорда облысының тарихи-мәдени мұралар тізіміне енген ортағасырлық Қышқала қалашығының бүккен сырлары ашыла бастады. Оған қазба жұмыстарының барысында табылып жатқан тарихи жәдігерлер куә. Сыр өңіріндегі Қышқала қалашығы - ерекше сәулет ескерткіштерінің бірі.

XIII- XV ғғ. өмір сүрген қала орны 1243 жылдан бері Қышқала аталып келеді. Қала құрылысы күйдірілген қыштан тұрғызылғандықтан ортағасырлық қала Қышқала атауын алған. Қышқала Қызылорда облысының Қоғалыкөл ауылының маңында, 30 шақырымға жуықтайтын жерде орналасқан. Жалпы аумағы 40-50 шақырымды құрайды. 2018 жылы мамыр-маусым айларында тарих ғылымдарының докторы Мадияр Елеуовтың жетекшілігімен археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіліп, ортағасырлық сәулет өнерінің жарқын үлгісі аршылды. Археолог мамандардың айтуы бойынша, өз тұсында шаһар келбеті Сығанақ, Сауран секілді сән-салтанаты келіскен шаһарларға ұқсас болғанын айтады. Қышқаладан сәулеті ерекше сегіз қырлы көне ғимараттың орны табылды. Ол құм қойнауына бойлаған сайын археологтарды түрлі жәдігерлерімен тамсандыруда. Сегіз қырлы ғимарат сол дәуірдегі сәулет өнерінің ерекше үлгісіне жатады. Бұл нысанды ғалымдар медресе деп жорамалдап отыр. Бүгінде көне шаһардың екі ғимараты аршылды. Шаһардағы екі қазбаның бірі - мавзолей болса, екіншісі- шаруашылық орталығына саяды. Ал, батыс бөлігінде орналасқан ғимаратты «Қожа Ахмет Ясауидың кесенесіне ұқсас салынған мінәжәт орны» деген болжамдар да бар [1.1 б.].

Ғимараттың сәулеттілігі өте ерекше, тінті Қазақстанда аналогы жоқ деуге де болады. Себебі, сырты сегіз қырлы етін соғылған ғимараттың ішкі бөлігі де симметрияны сақтай отырып, сегіз қырлы етін, ортасына бағандар қойылып жасалынған. Сәулет ескерткішінің дәл осындай ерекше түрі көп кездеспеген деседі. Экспедиция барысында қабырғасы ою-өрнекпен көмкерілген, бедерленген қыш кесектер, глазуурленген күмбездің сынықтары түрлі түсті мозайкалар қаланың әсем келбетін айшықтай түседі. Сондай-ақ, араб жазулары стиліндегі өрнектері сәулет өнеріндегі ислами элементтердің бастау алып келе жатқанын байқатады. Геометриялық ою-өрнектер тобына жататын төртбұрыш, домалақ, сопақша, ромб тәріздес өрнектер де жиі кездеседі.

Бұл аумақтан қыш өндірген пеш табылған. Тарихшы ғалымдар қазба барысында табылған жәдігерлерге сүйене отырып, қаланың Қазақ хандығына тиесілі болғанын айтады [2.1б.].

Қышқала қалашығына 2018 жылы жүргізілген қазба жұмыстары Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі қорын құнды жәдігерлермен толықтырды. Сегіз, алты бұрышты жұлдызша формасындағы глазуурленген қыш қаптамалар музей қызметкерлерінің қызығушылығын туғызды. Келбеті келіскен қалашықтың тарих сахнасынан не себепті жойылғаны жөнінде әзірге нақты дерек жоқ. Болжам бойынша, Сыр арнасы өзгеруіне байланысты халқы

көшіп, қаңырап қалған болуы мүмкіп. Тарихи деректерде X-XI ғасырларда Қышқаланың ірі сауда және қолөнер орталығы болғандығы айтылады. Қала Қышқала деп аталғанымен, тарихи атауы ұмыт қалған. Қала орнына өткен ғасырда П.И.Лерх, кейін В.А.Каллаур, 1946 жылы С.П.Толстов бастаған Хорезм археологиялық экспедициясы зерттеу жұмысын жүргізген [3.1б.]. Қышқала қалашығында теңге соғатын сарай болғаны да белгілі. Тарихи жазбаларда Алтын Орда тұсында да ірі саяси, мәдени және білім ордасы болғандығын көрсетеді. Бұл қалашық туралы мәліметтер орта ғасыр тарихшылары мен елшілердің қолжазбаларында көптеп кездеседі. Ғалымдардың айтуы бойынша, Ұлы Жібек жолының бойында орын тепкен қалалардың орталығы болған. Бұл қала Сырдарияның төменгі ағысында кездесетін қалалардан өзгеше. Қазіргі қалалардың мәдениеті осы қаладан бастау алғандай көрінеді. Мұндай болжамды қала аумағынан аршылған құнды жәдігерлер де нақтылай түскендей. Сыр өңірінде ұйымдастырылып жатқан археологиялық экспедициялар өткенді жаңғыртуға септігін тигізері анық.

Ортағасырлық Қышқала қаласындағы 2018 жылғы жүргізілген қазба 1, сонымен бірге 2019 жылғы қазба 2 жұмыстары барысында музей қоры археологиялық дүниелермен толықты. Атап айтсақ, глазуrlenген 8 бұрышты, 6 бұрышты ою-өрнекпен, ислами жазбалармен безендірілген кесене қаптамасының бөлшектері. Биылғы жылы қалашыққа Қазба 5,6,7 жүргізіліп, қазба барысында табылған археологиялық заттар есепке алынып, табылған заттар далалық лабораториядан өтіп, Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі қорына тапсырылды.

Пайдаланған әдебиеттер мен деректер:

1. Егемен Қазақстан 20.06.2018, с.2
2. Б.Сәтжан. Ақмешіт апталығы 19.06.2018, с.1
3. М.Елеуов, ҚазҰУ профессоры, т.ғ.д, Е.Елеуов, тарих магистрі. Сыр бойы. 08.08.2019, с.1

